

ЖАР ЖЫРЫ

Ерте ектім алма ағашын,
Қоям күнде суарып,
Ақ алмасы деп солмасын,
Қызыл гүлі қуарып.

Өтер күндер, өтер айлар,
Жыл соңынан жыл келер.
Алма бағы гүл-гүл жайнар,
Құлпырар да түрленер.

Келер сонда мен сүйген ер,
Қайтып туған еліне,
Кіндік кесіп, кір жуған жер,
Айдын шалқар көліне.

Көрер сонда алма ағашын,
Самал желмен шайқалған,
Бал татыған ақ алмасын,
Жас жапрағын жайқалған.

Көрер және ғашық жарын
Алма бағын баптаған,
Шын махаббат, ақ жүрегін
Жарға арнап сақтаған.

Айтар сонда: «ырзамын мен,
Сәулем саған, қалқатай.
Қызыл гүлдей — сұлусын сен
Тәттісін сен — алмадай».

Бүркіт Сқақов

Лениншіл жас. - 1947 ж. - 15 қаңтар (№ 5). 4 - б.